



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

18.01.2022

№ 05

Коллежалық кеңес

Коллежалық кеңес

*Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту туралы*

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағының негізінде және Әйтеке би көпсалалы колледжі бойынша қамқоршылық кеңес құрамы төмендегі ретте құрылсын:

1. Ж.Ж.Файзуллаев –Қамқоршылық кеңес құрамының төрағасы (келісіммен);
2. Е.Абдраев –кеңес мүшелері (келісіммен);
3. Ж.А.Оразбаев - кеңес мүшелері (келісіммен);
4. А.Т.Абдешов- кеңес мүшелері (келісіммен);
5. Р.Жетруова - кеңес мүшелері (келісіммен);
6. Д.Н.Кемелтаев - кеңес мүшелері (келісіммен);
7. Р.Бергалиев - кеңес мүшелері (келісіммен);
8. А.А.Баймешов- кеңес мүшелері (келісіммен);
9. А.К.Жармедетов- кеңес мүшелері (келісіммен);  
С.А.Жұмашева кеңес хатшысы

Колледж директорының м.а.:

К.А.Туралин



**БҮЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

14.11.2022 ж.

№ 270

Компьютермен жасалды

село Комсомольское

**Колледжді өзін-өзі бағалауын  
ұйымдастыру және өткізу туралы**

Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығын негізге ала отырып


**БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Әйтеке би көпсалалы колледжі» МКҚК-ы 14.11.2022ж.-05.12.2022ж. аралығында мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының жалпы талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында өзін-өзі бағалауы ұйымдастырылып өткізілсін;
2. Колледжді өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

- I. М.Б.Мырзағали директордың ОДЖ орынбасары, комиссия төрайымы;
- II. Г.Ж.Жолманова - әдіскер, комиссия мүшесі;
- III. А.Д.Досмуратов– педагог-психолог, комиссия мүшесі;
- IV. В.Т.Боханова– кітапханашы, комиссия мүшесі;
- V. А.О.Жаксибаева– бас есепші, комиссия мүшесі;
- VI. Б.Д.Жиеналин– шаруашылық меңгерушісі, комиссия мүшесі;
- VII. С.А.Жұмашева– кадр бөлімінің инспекторы, комиссия мүшесі;
- VIII. С.Ж.Байнахатов– оқу өндіріс шебері, комиссия мүшесі;
- IX. Б.Х.Турсынбекова– мемлекеттік сатып алу менеджері, комиссия мүшесі;
- X. Б.К.Мырзатаева жалпы білім беретін пәндер бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі;
- XI. М.У.Тынысбеков арнайы білім беретін пәндер бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі;
- XII. Н.С.Абдисаттаров өндірістік оқыту және кәсіптік практика бірлестігінің жетекшісі, комиссия мүшесі;
- XIII. С.Ж.Кенесбаев– кәсіподақ төрағасы, комиссия мүшесі;
- XIV. Г.Ж.Маханбетова– оқу бөлімінің хаташысы, комиссия мүшесі;
- XV. С.С.Кушкимбаева - оқу өндіріс шебері, комиссия мүшесі;
- XVI. Қ.С.Мопық - оқу өндіріс шебері, комиссия мүшесі;
- XVII. Е.С.Конысбаев – арнаулы пән оқытушысы, комиссия мүшесі.

Бағалау өлшемшарттарына сәйкес колледждің өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін;

3. Комиссияға бағалау өлшемшарттарына сәйкес колледждің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін;
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме жүктелсін.

Колледж директоры  М.С.Жиенкожаев



Т.Жүргенов селосы

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңес құрамына өзгерістер енгізу (Берғалиев Райм (ата-ана). Қазіргі уақытта ата-ана болып табылмауына байланысты АӨТМ-3 тобының студенті М.Мырзағалидің анасы А.Ерманова-ға ауыстыру). (қамқоршылық кеңес төрағасы-Ж.Файзуллаев)
2. 2022 жылы колледж студенттері бойынша атқарылған жұмыстардың есебі.  
(директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Б.К.Мырзатаева)
3. 2022 жылы колледж студенттерін өндірістік оқыту, тәжірибеден өткізу және келісім шарттар бойынша атқарылған жұмыстардың есебі. (аға өндіріс шебері – С.Ж.Байнахатов)
4. Колледждің стратегиялық жоспарын орындау мақсатында 2023 жылға атқарылатын жұмыстар. Колледждің өзін-өзі аттестаттаудың есебінің қорытындысы (колледж директоры- М.С.Жиенкожаев)
5. Қорытындылау.

*Сөйлеушілер: 1 сұрақ бойынша* қамқоршылық кеңес төрағасы Ж.Файзуллаев: Қамқоршылық кеңес құрамындағы ата-ана Берғалиев Райм қазіргі уақытта ата-ана болып табылмауына байланысты, АӨТМ-3 тобының студенті М.Мырзағалидің анасы А.Ерманова қамқоршылық кеңес құрамының мүшесі болып ауыстырылатынын баяндады.

*2 сұрақ бойынша* директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- Б.К.Мырзатаева : Әйтеке би көпсалалы колледжінде жалпы студент саны 187. Оның 119 ер бала, 68 қыз бала. Колледж студенттерінің әлеуметтік жағдайына келер болсақ: көпбалалы жанұядан шыққан студенттер саны - 20, аз қамтылған отбасында- 5, жартылай жетім- 11, мүмкіндігі шектеулі- 7, қамқоршылықта-2, өгей ата-анасымен тұратын-5, ПБ тіркеуде-2, кәмелетке толмағандар-53, сырттан келгендер- 104, жатақханада жататын студенттер саны-10, тегін 1 мезгіл ыстық тамақпен қамтылғандар- 100 студент.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге мемлекет есебінен 1 курс ЕТЖ-11 топ студенті Бөкенбаев Нұрбек Нурперзентұлына 129780 тг жеке шотына аударылып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а. Б.К.Мырзатаева, топ кураторы В. Боханова Бөкенбаев Нұрбек Нурперзентұлына және 3 курс ГҚЖ-1 топ студенті Сарқытбайқызы Арайлымға 137667 тг жеке шотына аударылып , тәрбие ісі жөніндегі орынбасары м.у.а. Б.К.Мырзатаева, топ кураторы М.Б.Жубатов, о/ө шебері Н.С.Абдисаттаров Сарқытбайқызы Арайлымға киім-кешектерін, керек тамақтарын алып беріп, қалған ақшаларын өздеріне берді.

Құқық бұзушылық бойынша полиция бөлімінде есепте тұрған 2-курс АӨТМ-3 топ студенті Смадияров Ерлан және Маханов Данияр. Бұл студенттерге тәлімгерлер бекітіліп, психолог-социолог, ата- ана, куратор, мастерлері уақыттарын тиімді ұйымдастырып, өз бақылауларына алды. Смадияров Е мен Маханов Данияға спорт мектебінің қазақша күрес жаттықтырушысы Биганбет Эль-Фараби Бөкенбаевич жетекші болып бекітілді. Эльфараби бұл

студенттермен кездесіп, түсіндіру жұмысын жүргізіп тұрады. Колледжімізге бекітілген кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы Ж.Еңсепбаевпен бірге құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында тығыз байланыста.

Колледж бойынша шәкіртақы алатын студенттер саны 179. Соның ішінде 1 студент «Өте жақсы» деген бағамен бағаланған 25055 тг, 174 студент «жақсы» деген бағаланған 21787 тг, 2 студент көзі нашар көретін мүгедектер мен құлағы кеміс мүгедектер бойынша 38127 тг, 2 студент ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 28323 тг шәкіртақы алады.

202- 2023 оқу жылында өткізілген ашараларға тоқталар болсам:

-Қыркүйек айында білім күніне орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгішітік және патриотизм» атты ашық тәрбие сағаттары және топтар арасында біріңғай «Адалдық сағаттары» өткізілді.

«Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік» тақырыбында АПБ кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы Ж.М.Еңсепбаевпен және жатақхана студенттерімен жатақхана тәрбиешісі С.Жумашева жиналыс өткізді.

Қазан айында Қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» атты колледж ардагерлерімен кездесу өткізіліп, қарттарға құрмет көрсетіліп, ұстаздар күніне «Ұстаздар ұлықтаған күн» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет» он күндігі аясында топ кураторлары «Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» тақырыбында тәрбие сағаттар, дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары «Спорт және денсаулық күні» тақырыбында топтар арасында волейболдан жарыс, «Отбасы мен колледждің бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында ата-аналар жиналысы, колледж психологы А.Д.Досмуратов «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы келеңсіз жайттарды анықтауға бағытталған» сауалнама, Әйтекеби аудандық учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты Ж.М.Еңсепбаевпен «Жол ережелерін ұмытпа!», «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында кездесулер, тарих пәнінің оқытушысы «Сенің құқықтарың мен міндеттерің» тақырыбында танымдық сағаты сияқты жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Е.Мустафина «Кәмелетке толмаған студенттердің мезгілсіз жүруіне тиым салу ережесі» бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді және колледж психологы А.Д.Досмуратов «Стресс пен дағдарыстың алдын алу» тақырыбында слайд көрсетіп, білім алушылар мен бірге адам өмірінің кез келген уақытта кездесуі мүмкін күйзелес кезеңдерін бірге жеңіп, мәселені шешудің жаңа жолдарын бірге талқылады.

Әйтеке би көпсалалы колледжі бойынша пара алу фактілерін болдырмау мақсатында қызметкерлер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбынды түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ішкі талдау жұмысы жасалып, нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол берілмегендігі анықталды.

Колледж медбикесі Г.Ауезова «электронды темекі- ғасыр дерті» тақырыбында кеңес беру сағатын өткізіп, әйтеке би аудандық ауруханасының дәрігері С.Т.Жубанышова мен психолог маманы М.А.Диновамен «АИТВ-инфекциясы және оның алдын алу» тақырыбында студенттермен кездесу ұйымдастырды және «Тұмаудың алдын-алу» тақырыбында білім алушылардан диктант алды.

-Республика күні қарсаңында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушысы А.О.Асанғалиева студенттер арасында «Менің тәуелсіз Қазақстаным» тақырыбында патриоттық диктант және «Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы» тақырыбында Республика күніне орай мерекелік шара ұйымдастырылды.

Діни экстремизмнің алдын-алуға байланысты Ихсан орталығының басшысы, теолог Қалманов Мейірбек Камалбекұлы мен аудандық мешітінің имамы Ислам Мұхтармен және аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Рабай Айжанат пен орталық мешітінің наиб иманы Ислам Мұхтар «Дәстүрлі дін» тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

3 сұрақ бойынша аға өндіріс шебері С.Ж.Байнахатов: кәсіптік - техникалық білім берудің алдына қойған мақсаты - мамандарды аталмыш бағытта кәсіби стандарттарға негіздеп дайындау және қатаң түрде экономикалық қажеттіліктермен өзара байланыстыру болса, кәсіптік колледж бұл тұрғыда өзіндік әлеуметтік серіктестермен келісім-шарт жасалып өз жұмысын қарқынды бастап кетті. Айтар болсақ «БҰЛАҚ-АГРО» ЖШС, «Комсомол» ЖШС, «Әйтеке би газ шаруашылығы», ЖК«Кусайнова», ЖК «КИШКЕНЕБАЕВ», Энергосистема ЖШС, Қазақстан темір жолы Ақтөбе магистралды желі бөлмшесі секілді серіктестермен келісім шартқа жасалды.

Оқу жылының басында қыркүйек айларынан бастап 2 топ өндірістік тәжірибеден өтті. ЖС-6 тобы 01.09.-28.09.2022 ж аралығында Агро Булак ЖШС, ГҚЖ-1 тобы, 09.09-11.11.2022 аралығында «Әйтеке би газ шаруашылығы нан» өтті.

17.11.23-12.2022 аралығында ЭМ-12 тобы «Әйтеке би электр желісінен» кәсіптік практикадан өтіп жатыр.

17.11.23-12.2022 аралығында ЭМ-12 тобы кәсіптік практикадан өтіп жатыр. Дуалды оқыту жүйесі бойынша «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірігіп 3-жақты келісім шарт жасалды. ТОО Энергосистема 20-студент ЭМ-12, ТОО Комсомол, -13 студент ЭГД-12, ТОО Агро булак 3-студент ЭГД, Энергосистема 4-студент ЭГД.

Бұл колледж ұстаздарының бәсекеге барынша қабілетті мамандар дайындап отырғандығының басты көрсеткіші деп санаймыз.

4 сұрақ бойынша колледж директоры М.С.Жиенкожаев: Колледждің стратегиялық жоспары 5 жылға құрылды. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес орындалуда. Алдағы уақытта қойылған мақсат-міндеттермен жұмыстарымыз қажет. 2023 жылы колледждің мемлекеттік аттестациядан өтетінің баяндады. Осыған орай №2 педагогикалық кеңесте өзін-өзі аттестаттау құрамы бекітілген. Желтоқсан айында колледжде өзін-өзі бағалау жұмысы толық жүргізілді. Колледждің өзін-өзі бағалау есебі тыңдалып, «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету» мемлекеттік мекемесіне қорытынды есепті жіберу.

#### Қамқоршылық кеңес отырысының қаулысы:

1. Қамқоршылық кеңесінің құрамына өзгерістер енгізіп, қайта сайлансын.
2. 2022 жылы колледж студенттері бойынша атқарылған жұмыстар мен 2022 жылы колледж студенттерін өндірістік оқыту, тәжірибеден өткізу және келісім-шарттар бойынша атқарылған жұмыстардың есептері қанағаттанарлық деп есепке алынды.
3. Колледждің өзін-өзі бағалау есебі тыңдалып, қорытынды мен ұсыныстар айтылды. «Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету» ММ-не жіберуге ұсыныс жасалды.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  
Хатшы:



Ж.Файзуллаев  
А.О.Асанғалиева